ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 14 маусым №4360-23-00-2/556 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші - судья С. Умарсирикова,
Ж. Дайрабайдың хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «НУР» - Нурдәулет Бақтияруұлы Ережепов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі С. Ильясова
жауапкер Н. Ережепов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 16 ақпанда талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Орындаушы) №45 құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 1.1, 2.1-тармақтарына және 1, 2-қосымшаларына сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 7 460 000 теңгеге диплом бланкілерін дайындау жұмыстарын, Шарт жасалғаннан бастап 30 күн ішінде, яғни 2023 жылдың 3 наурызда орындауға міндеттенген.

Жауапкермен шарттың 3.1-тармағының 2-тармақшасына сәйкес, 03 наурыз 2023жылы 3 наурызда 223 800 теңге Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы енгізілген.

2023 жылы 24 ақпанда жуапкермен диплом бланкілерінің үлгісі жеткізілген, алайда техникалық ерекшеліктерге сәйкес келмеуіне байланысты Сәйкессіздік актісі рәсімделіп, жұмыстар қабылданбай қайтарылған.

2023 жылғы 6 наурызда жауапкер жеке кәсіпкер «НУР» - Нурдәулет Бақтияруұлы Ережепов (бұдан әрі-ЖК «НУР») мемлекеттік сатып алудың веб-порталы арқылы Шартты орындаудан бас тарту хабарламаны жолдап, шартты бұзуды сұраған.

2023 жылы 7 наурызда №45-1 қосымша келісім жасап Шарт бұзылған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және 223 800 теңге көлеміндегі 3% шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын жауапкерден талап қоюшының пайдасына өндіруді сұраған.

Жауапкер сотқа пікір жолдап, онда Шарт бойынша өнім қол жетімді болмаған, сондықтан оны сатып ала алмаған, талап қоюшы бланкілерді ұсынуды талап етіп Қазақстан республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасында ғана шығарылатын диплом, бұл зауыт дипломдық бланкілерді сатып алудан бас тартты, кейінірек белгілі болғандай талап қоюшы 2021 жылы екі рет, 2022жылы бір рет мемлекеттік сатып алу сайтында сол хабарландыруды қойған, бәрақ басқа санатқа қойған, «Республика Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып табылады Қазақстан». Бұл жағдайда, ЖК «НУР» монополияның құрбаны болып табылатынын көрсетіп талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Сотта талап қоюшының өкілі талап қою уәждерін қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сотта жауапкер талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшының 1, 2 талабы бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 349-бабының 1 тармағында міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау)- тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» (бұдан әрі-Заң) 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Заңның 43-бабының 12-тармағына сәйкес Өнім берушінің шарттық міндеттемелерді орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шарт бұзылған жағдайда, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ осы Заңның 26-бабына сәйкес өнім беруші енгізген сома (болған кезде) өнім берушіге қайтарылмайды. Өнім беруші мемлекеттік

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 21.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 25.07.2023, судья Еламанов Н. Б., 26.07.2023

сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және осы Заңның 26-бабына сәйкес соманы (болған кезде) электрондық әмиян арқылы енгізген кезде мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор өнім берушінің мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындағанына дейін тиісті соманы автоматты түрде бұғаттайды.

Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор өнім берушінің электрондық әмиянына мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету үшін енгізілген ақшалай соманы, сондай-ақ осы Заңның 26-бабына сәйкес соманы (болған кезде) қайтаруды автоматты түрде жүзеге асырады. Алайда, шарт орындалмай қалғанына қарамастан, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай операторымен шарттың орындалуын қамтамасыз ету үшін енгізілген ақшалай сомасы автоматты түрде қайтарылған.

Жоғарылардың негізінде жауапкермен Шартты орындаудан бас тартуына байланысты, яғни 223 800 теңге көлеміндегі 3% шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын жауапкерден талап қоюшының пайдасына өндірілуге жатады деп сот санайды.

Сондықтан, көрсетілгендерге байланысты Шарттың 3.1-тармағының 2-тармақшасына сай, жауапкерден Шарттың көлеміндегі 3% орындалуын қамтамасыз ету сомасы 223 800 теңгеден АПК-нің 109-бабына сәйкес 6 714 теңге өндірілуге жатады деп сот есептейді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 725 теңге өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының талап қою қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «НУР» - Нурдәулет Бақтияруллы Ережепов мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «НУР» - Нурдәулет Бақтияруллы Ережеповтен талап қоюшы «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының пайдасына 223 800 (екі жүз жиырма үш мың сегіз жүз) теңге және мемлекеттік баж 6 714 (алты мың жеті жүз он төрт) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 21.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 25.07.2023, судья Еламанов Н. Б., 26.07.2023

Жауапкер жеке кәсіпкер «НУР» - Нурдәулет Бақтияруұлы Ережеповтен мемлекет пайдасына сот шығыны 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым беруі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С. Умарсирикова**

Көшірме дұрыс.
Төраға м.а. **Н.Б. Еламанов**

Анықтама: Шешім заңды күшіне 25.07.2023 жылы енді.

Төраға м.а. **Н.Б. Еламанов**

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 21.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 25.07.2023, судья Еламанов Н. Б., 26.07.2023

ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -